

## Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 9 сәуірдегі N 181 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 7 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5215 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 22 қантардағы N 16 Бұйрығымен.

**Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 2010.01.22 N 16 бұйрығымен.**

**Колданушылардың назарына!!!**

**Бұйрықтың колданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 233-бабына және""Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 37) тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі бекітілсін.
2. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Орта білім департаменті (М.Т. Санатова), Техникалық және кәсіптік білім департаменті (К.Қ. Берібеков), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев) аталған бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерінің, респубикалық ведомстволық бағынысты білім беру үйімдарының, жоғары оқу орындарының назарына жеткізсін.
4. Мыналардың:
  - 1) "Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1051 бұйрығының (N 3401 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2005 жылғы 17 тамыздағы N 150 "Юридическая газета" газетінде жарияланған);
  - 2) "Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1051 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2005 жылғы 26 сәуірдегі бұйрығының (N 3583 нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2005 жылғы 14 қыркүйекте N 168 "Юридическая газета" газетінде жарияланған);

3) "Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2006 жылғы 27 наурыздағы N 146 бұйрығының (N 4196 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2006 жылғы 4 мамырдағы N 168 "Юридическая газета" газетінде жарияланған) құші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н. Шәмшидиноваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он құнтізбелік құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ж. Тұймебаев

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2008 жылғы 9 сәуірдегі  
N 181 бұйрығымен бекітілген

## **Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 233-бабына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 37) тармағына сәйкес әзірленген және меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстырылғына қарамастан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта білім және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттау тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) педагог қызметкерлерді аттестаттау - педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

2) біліктілік санаты - нормативтік өлшемдерге сәйкес келетін және қызметкердің белгілі бір дәрежедегі күрделі кәсіби міндеттерді шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін біліктілік деңгейі;

3) біліктілік тестілеу - педагог қызметкерлерді педагогтік қызметке даярлығын және өтініш білдірілген біліктілік деңгейіне сәйкестігін анықтау

мақсатында өткізілетін жоғары және орта білімнен кейінгі білімі бар педагог қызметкерлерді аттестаттаудың бір кезеңі.

3. Аттестаттаудың негізгі қағидаттары аттестатталатын педагогикалық қызметкерге, объективті адамгершіліктілік және тілеквестік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін ашықтық және алқалық сараптау бағасының жүйелілігі мен тұстастығы болып табылады.

4. Аттестаттау алдыңғы аттестаттаудың мерзімі өткеннен кейін 5 жылда кемінде бір рет өткізілді.

5. Педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) алдыңғы аттестаттау мерзімінің өтуі;

2) біліктілік санатын кезекті жоғарлату туралы педагогикалық қызметкердің өтініші;

3) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау туралы педагогикалық қызметкердің өтініші;

4) педагог қызметкердің мерзімінен бұрын аттестатталуы туралы білім беру үйімі басшысының бұйрығымен бекітілген педагогикалық кеңестің, Ғылыми кеңестің жоғары оқу орындарына арналған шешімі.

6. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттауды республикалық ведомстволық бағынысты білім беру үйімдары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) құратын аттестаттау комиссиясы, ал мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім беру үйімдары үшін - білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Білім беру үйімдарында педагог қызметкерлерді аттестаттау ағымдағы жылғы 10 қазаннан 30 наурызға дейін; аудандық (қалалық) білім бөлімдерінде, облыстық, Алматы және Алматы қалаларының департаменттерінде, Министрлікте, өз қарауында білім беру үйімдары бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктерінде (ведомстволарында) олардың аумақтық органдарында 30 наурыздан 10 мамырға дейін өткізіледі.

## **2. Аттестаттау комиссиясы және оның құрамы**

7. Аттестаттау комиссиясы білім беру үйімдарында, аудандық, қалалық білім бөлімдерінде, облыстық, Астана және Алматы қалалары білім департаменттерінде, білім беру саласындағы уәкілетті органда, өз қарауында білім беру үйімдары бар Қазақстан Республикасының салалық министрліктерінде (ведомстволарында) және олардың аумақтық органдарында

құрылады. Шағын жинақталған мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың педагог қызметкерлерін атtestаттау үшін атtestаттау комиссиясы базалық мектептің, мектепке дейінгі ұйымның жанынан немесе тиісті білім беру үйымының бағынысты органы бойынша құрылады.

8. Атtestаттау комиссиясының құрамына: атtestаттау комиссиясының төрағасы - білім беру үйымының басшысы, комиссия хатшысы және комиссия мүшелері: білім беруді басқару органдарының, әдістемелік қызмет, ғылыми ұйымдар, жергілікті атқарушы органдардың мамандары, кәсіподақтың, оқу-әдістемелік бірлестіктердің өкілдері, білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері кіреді.

Атtestаттау комиссиясы мүшелерінің саны тақ саннан құрылуы тиіс.

Білім беру үйымының немесе білім беруді басқару органдарының атtestаттау комиссиясының дербес құрамы мен өкілеттік мерзімдері Ғылыми кеңестің, педагогикалық кеңестің немесе білім беруді басқару органдарының ұсынымдары ескеріле отырып, тиісінше білім беру үйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

9. Атtestатталушы атtestаттау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

### **3. Атtestаттауды өткізу тәртібі**

**Р Қ А О - н ы ң                    е с к е р т у і !**

**10-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - КР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім және қосымша білім беру үйимдарының педагог қызметкерлерін атtestаттау екі кезенде өткізіледі.

Педагог қызметкерлерді атtestаттаудың бірінші кезеңі - біліктілік тестілеу (бұдан әрі - тестілеу), екінші кезеңі - педагог қызметкерлердің лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес педагог қызметкерлер қызметінің қорытындысын талдамалы қорытындылау.

11. Атtestаттаудан өту үшін мынадай құжаттар талап етіледі:

1) осы Ереженің N 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша атtestаттауга етініш;

2) жеке төлкүжаттың көшірмесі;

3) білімі туралы, біліктілікті арттыру туралы құжаттардың көшірмесі;

4) тәжірибесі мен перспективасын жалпылау және оны енгізу мен қолдану туралы білім беру саласындағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының ғылыми кеңесі шешімінің көшірмелері, педагогикалық қызметкерлердің және білім алушылардың жетістіктерінің

марапаттау материалдарының көшірмелері, ғылыми-әдістемелік жарияланымдардың көшірмелері оларға баспа басылымдарының және тарауларының мазмұнының көшірмелері, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары (олар бар болған жағдайда);

5) өз қызметінің жетістіктерін растайтын материалдар.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың көшірмелері нотариалды куәландырылған немесе білім беру ұйымының кадрлық қызметі растаған түрде тапсырылады.

12. Педагогикалық қызметкерлер білім беру ұйымдарында сертификаттың қолданыстағы мерзімінің аяқталуына дейін 4 ай қалғанда атtestаттауға арналған құжаттарды тапсырады.

**РҚАО-ның ескерту!**

**13-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

13. Бірінші кезеңге (тестілеу) облыстық, Астана және Алматы қалалық білім департаменттерінің, аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің, жоғары оқу орындарының атtestаттау комиссиясының бұйрығымен бекітілген тізімге енгізілген педагог қызметкерлер жіберіледі.

Тестілеу ұлттық бірынғай тестілеу пункттерінде өткізіледі.

Тестілеу екі түрлі әдіспен өткізіледі:

1) автоматтандырылған компьютерлік әдіспен өткізіледі. Компьютерлік тестілеудің дұрыс жауабын санау автоматтандырылған режимде жүргізіледі.

2) Тестілеу, кейін сканерде өндөлетін сұрақ параптерарын толтыру әдісімен өткізіледі.

**РҚАО-ның ескерту!**

**14-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

14. Педагог қызметкер атtestаттау комиссиясына бекітілген нысан бойынша ( Осы Ережеге N 2-қосымша ) тестілеуге өтініш береді. Өзімен бірге жеке куәлігі/ паспорты (нотариалды куәландырылған көшірмесі) болуы қажет.

**РҚАО-ның ескерту!**

**15-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

15. Жалпы білім беретін мектептердің педагогтары үшін тест сұрақтарының саны 100:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамаларын білу - 20 сұрақ;
- 2) педагогика және психология негіздері - 20 сұрақ;
- 3) пәндік білім негіздері - 40 сұрақ;
- 4) оқытудың әдістері мен технологиялары - 20 сұрақ.

Тестілеуге 150 минут уақыт беріледі.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**16-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

16. Эр тест бойынша дұрыс жауаптың кемінде 60%-ын жинаған кезде нәтижесі он, 60%-нан төмен нәтиже алған жағдайда теріс болып саналады.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**17-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

17. Тестілеу бойынша теріс нәтиже алған немесе дәлелді себептермен тестілеуге қатыспаған педагог қызметкер ағымдағы оқу жылын педагогикалық қызметін жалғастыра отырып кемінде алты айдан кейін қайтадан тестілеуден өтеді.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**18-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

18. Тестілеу өткізудің нәтижелері тиісті тестілеу хаттамасымен ресімделеді, оған аттестаттау комиссиясы қол қояды (осы Ережеге N 3-қосымша ).

Әрбір тест тапсыруышының тестілеу нәтижелері екі данада принтерде шығарылып, біреуі тест тапсыруышыға беріліп, екінші данасы тест тапсыруышының танысқаны туралы қолы қойылып оқу орындарында сақталады.

Тестілеудің нәтижесі 5 жыл өз күшінде болады.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**19-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

19. Тестілеу нәтижелері бойынша белгіленген нысан бойынша біліктілік тестілеуден өтуі туралы сертификаттары (бұдан әрі - Сертификат) беріледі (осы Ережеге N 4-қосымша ). Сертификатқа Тәраға, хатшы және комиссия мүшелері қол қояды, ұлттық бірыңғай тестілеу пунктінің мөрімен расталады.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**20-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

20. Сертификат берілген күнінен бастап бес жыл қолемінде Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**21-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

21. Тестілеуден өту туралы мәлімет біліктілік тестілеуден өту туралы кітапқа енгізіледі (осы Ережеге N 5-қосымша ).

**РҚАО-ның ескертуі!**

**22-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

22. Сертификат жоғалған немесе бұзылған жағдайда тиісті білім беруді басқару органдары сертификаттың дубликатын:

1) педагог қызметкердің атtestаттау комиссиясы төрағасының атына жазған етініші;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында басылған сертификаттың жоғалғаны туралы хабарландыру, білім беру үйимдары берген сертификаттың бүлінгені туралы актің негізінде береді.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**23-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

23. Дәлелді себептермен педагог қызметкер көрсетілген уақытта тестілеуден ете алмаса бұл туралы атtestаттау комиссиясына тиісті құжаттарды растай отырып тестілеу өткізу аяқталғанға дейін хабарлауы керек.

Дәлелді себептер болып мыналар табылады:

1) ұзақ уақыт еңбекке жарамсыз болуы;

2) жүктілік және бала туу, баланы күту бойынша демалыста болуы;

3) іссапарда, мамандығы бойынша шетелде жұмыста болуы;

4) тоқтатқан себептеріне қарамастан, біліктілік санаты берілген лауазымдағы қызметіне қайта келуі.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**24-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

24. Зейнеткерлік жасына жеткен, бірақ еңбек қызметін жалғастыруышы тұлғалар жалпы негізде біліктілік тестілеуден өтеді. Аталған қызметкерлер атtestаттаудың кейінгі кезеңдерінен тестілеудің оң нәтижелерін алған жағдайда, босатылады.

**РҚАО-ның ескертуі!**

**25-тармақтың күші 01.01.2010 дейін тоқтатылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2009.02.04 N 49 Бұйрығымен.**

25. Атtestаттау комиссиясы педагогикалық қызметкерді атtestаттаудың екінші кезеңіне тестілеудің оң нәтижелерін алған жағдайда жібереді:

әр тест бойынша дұрыс жауап 60%-дан 74%-ға дейін болса - екінші біліктілік санатқа;

әр тест бойынша дұрыс жауап 74%-дан 85%-ға дейін болса - бірінші біліктілік санатқа;

әр тест бойынша дұрыс жауап 85%-дан жоғары болса - жоғары біліктілік санатқа.

26. Білім беру ұйымдарында екінші, бірінші, жоғары біліктілік санаттарына педагог қызметкерлерді аттестаттаудың екінші кезеңі аттестатталушиның педагогикалық қызметі қорытындыларын талдамалық жалпылауды ұсынады және мыналарды қамтиды:

1) ұсынылатын материалдың негізінде талдау (жеке төлкүжаттың көшірмесі, жоғары немесе техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі білім туралы дипломның көшірмесі, еңбек кітапшасының көшірмесі, біліктілік тестілеудің сертификатының көшірмесі және педагог қызметкерге біліктілік санаттарын беру туралы қуәліктің көшірмесі, біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы құжаттардың көшірмесі, оның ішінде мамандығы бойынша, тәжірибелі тарату және оның енгізу мен қолдану перспективасы туралы біліктілікті арттыру және қайта даярлау институттарының ғылыми кеңесі шешімінің көшірмесі, педагог қызметкердің және білім алушылардың жетістіктерін марапаттау материалдарының көшірмесі, аспа басылымының бірінші бетінің және мазмұнының көшірмесі, қоса берілген ғылыми-әдістемелік жарияланым көшірмесі, бұқаралық ақпарат құралдарының материалдары);

2) педагог қызметкердің әдістемелік шеберлік деңгейін және коммуникативтік мәдениетін анықтауды (ғылыми-әдістемелік және зерттеушілік қызметі): республика, облыс, аудан (қала), мектеп деңгейіндегі конференция, семинар, әдістемелік бірлестік, шығармашылық топтардағы жұмыс); ақпараттық және компьютерлік технологияларды менгере отырып, қызметкердің ақпараттық кеңістікті еркін пайдалануы; сабактарға қатысу арқылы педагогикалық тәжірибесін зерделеу, әңгімелесу, бұқаралық ақпарат құралдарындағы және ғылыми-әдістемелік журналдардағы мақалалары; (8-11 (9-12) сынып білім алушыларының, ата-аналардың, педагогтардың арасында жүргізілген тәуелсіз сауалнамасын).

3) соңғы 3 жылдағы білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктерінің мониторингісі және салыстырмалы талдауын;

4) білім беру ұйымдарын аттестаттау комиссиясының қорытынды шешімін жасау (аттестатталушиның біліктілік картасы, аттестаттау парағы (осы Ережеге N 6-қосымша ), педагог қызметкерлерге біліктілік санаттарын беру туралы білім беру ұйымының кепіл хаты), әдістемелік күннің сараптамасы (білім ұйымы түрін езі анықтайды) аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің, облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім департаменттерінің әдістемелік кабинеттері ( біліктілікті арттыру институттары).

27. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары оқу орнының педагог қызметкерлерін аттестаттау бір кезеңде өткізіледі, және ол

аттестатталушиның педагогикалық қызметін сараптаудың тәуелсіз нысаны, педагог қызметкерлердің лауазымының біліктілік сипаттамасына сәйкес педагог қызметкерлер қызметінің қорытындысын талдамалы қорытындылауды білдіреді.

1) материалдардың сараптамасы, біліктілік арттыру курсынан, оның ішінде мамандығы бойынша өту туралы құжаттардың көшірмесі, педагог қызметкерлерді марапаттау және оқушылар жетістіктері материалдарының көшірмесі, баспа басылымының және мазмұнының бұқаралық ақпарат құралдары материалдарының көшірмесі қоса берілетін ғылыми-әдістемелік жарияланымдардың көшірмесі.

2) педагог қызметкердің әдістемелік шеберлік деңгейін және коммуникативтік мәдениетін анықтау (ғылыми-әдістемелік және зерттеушілік қызметіне қатысуы, ақпараттық және компьютерлік технологияларды меңгеру негізінде қызметкердің ақпараттық кеңістікте еркін бағдарлануы; сабактарға қатысу, әңгімелесу арқылы педагогикалық тәжірибесін зерделеу, бұқаралық ақпарат құралдарындағы және ғылыми-әдістемелік журналдардағы мақалалары; білім алушылардың арасындағы тәуелсіз саулнамасын).

3) соңғы 3 жыл негізіндегі білім алушылардың білімі мен жетістіктерінің мониторингісі және салыстырмалы талдауын;

4) білім беру үйымдарындағы аттестаттау комиссиясының қорытындысы.

28. Техникалық және кәсіптік білім беру үйымдарының жалпы білім беретін пәндерінің оқытушыларын аттестаттау мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру үйымдары педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

29. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының педагог қызметкерлерін аттестаттау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу орындарының педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

30. Жоғары оқу орындарының педагог қызметкерлерін аттестаттау жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамасына сәйкес (ғылыми жұмыскерлердің профессорлық-педагогикалық құрамы) жүзеге асырылады.

31. Орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының педагог қызметкерлері (мұғалімдер) аттестаттаудан штаттық кестемен белгіленген және мамандығы бойынша жеке еңбек шартында (жұмысқа қабылдау туралы бұйрық) көрсетілген лауазымы бойынша өткізіледі.

Педагог қызметкерлер (мұғалімдер) оқытатын пәндер бір біліктілік ретінде оның дипломында (физика мен математиканың мұғалімі, химия мен биологияның мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі және тағы басқалар)

көрсетілген пәнмен сәйкес келген жағдайда аттестаттау дипломда көрсетілген біліктілігіне сәйкес пәндерді көрсете отырып, негізгі лауазымы бойынша бірынғай санат беру арқылы өткізіледі.

Дипломда негізгі мамандық ретінде көрсетілмеген қос пәндерді оқытқан жағдайда (математика мамандығы бойынша физика-математика факультетін бітірген, бірақ "физика" мамандығы бойынша сабак жүргізсе және тағы басқа) педагог қызметкер қос пән бойынша қайта даярлау курсарынан өткендігін ескере отырып жалпы негізде аттестаттаудан өтеді.

Мемлекеттік тілді оқытатын, бірақ тиісті кәсіптік білімі жоқ педагог қызметкерлер "Қазақ тілі" пәні бойынша аттестаттаудан өтуі керек.

Шағын жинақталған мектептердегі, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру қызметін көрсететін ұйымдардағы пәндерден сабак беретін педагог қызметкерлер дипломында көрсетілген мамандығы бойынша және білім беру ұйымдарындағы педагог кадрларды қайта даярлайтын арнайы факультеттері мен курсарында алған қосымша мамандықтары ескеріле отырып аттестаттаудан өтеді.

Лауазымдарды қоса атқаратын барлық басқа жағдайларда педагогикалық қызметкер (мұғалім) қоса атқарылатын лауазым бойынша осы Ереженің 40-тармағының 3-тармақшасының 4-абзацында көрсетілген шарттарға сай аттестаттаудан өтеді.

Бейіні бойынша кәсіптік білімі бар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында әлеуметтік-экономикалық, жалпы, кәсіптік және арнаулы пәндерден оқытатын педагог қызметкерлер аттестаттаудан арнаулы пәндер оқытушысының лауазымы бойынша өтеді.

32. Аттестаттау комиссиясы әрбір педагог қызметкер бойынша мынадай қорытындылардың бірін шығарады:

- 1) тиісті санаттың (лауазымының) белгіленген біліктілік деңгейінің талаптарына сәйкес келеді;
- 2) тиісті санаттың (лауазымының) біліктілік талаптарына сәйкес келеді;
- 3) тиісті санаттың (лауазымының) біліктілік талаптарына сәйкес келмейді.

33. Педагог қызметкерлерге 2-санатты беру (төмендету, бекіту) туралы шешімді білім беру ұйымының аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Педагог қызметкерлерге бірінші санатты беру (бекіту, төмендету) туралы шешімді тікелей білім беру ұйымдарын басқару органдарының аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Педагог қызметкерлерге жоғары санатты беру (бекіту, төмендету) туралы комиссияның шешімін облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім департаменттерінің аттестаттау комиссиялары бекітеді.

Республикалық бағыныстағы білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне жоғары, бірінші санаттарды беру (төмендету, бекіту) туралы

шешімді білім беру саласындағы үәкілетті органның аттестаттау комиссиясы бекітеді.

Басқа ведомстволардың білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне жоғары, бірінші санаттарды беру (төмендету, бекіту) туралы шешімді осы ведомстволардың аттестаттау комиссиялары бекітеді.

34. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында педагог қызметкерлердің белгіленген біліктілік лауазымының талаптарына сәйкестігі туралы шешімді білім беру саласындағы үәкілетті органның аттестаттау комиссиясы бекітеді.

35. Жоғары оқу орындарындағы қойылған біліктілік талаптарына педагог қызметкердің сәйкестігі туралы шешімді білім беру ұйымдарының аттестаттау комиссиясы шешеді.

36. Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамамен және аттестаттау парағына тиісті жазбамен ресімделеді.

Хаттама мен аттестаттау парағына тәраға, хатшы және дауыс беруге қатысқан аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қолдары қойылады.

37. Шешім егер комиссия отырысына кемінде 2/3 оның мүшесі қатысқан жағдайда қабылданды деп есептеледі.

38. Дауыс беру нәтижелері қорытынды отырысқа қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен анықталады. Дауыс тең болған жағдайда Тәрағаның даусы шешуші болып табылады.

39. Аттестаттау комиссиясы аттестаттау нәтижелерімен бірге аттестаттау комиссиясының шешімдері туралы хаттама мен жоғары, бірінші және екінші санатты беруге арналған қызметкерлердің аттестаттау парағының көшірмесін білім беру ұйымдарының басшысына және кадр қызметіне ұсынады.

40. Осы Ережеге сәйкес меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстырығына қарамастан мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім, қосымша білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері өзінде бар біліктілік санаттарының қолданылу мерзімі өткенге дейін, бұрынғыдан жоғары біліктілік санатқа мынадай жағдайларда өтуі мүмкін:

1) жоғары біліктілік санатқа:

өз пәндері бойынша олимпиадалар, конкурстар, көрмелер (республикалық, халықаралық деңгейдегі облыстық, Астана, Алматы қалалық) жүлдегерлерін дайындағандар;

педагогикалық шеберлік конкурстарының жеңімпаздары, конференциялардың, семинарлардың (облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі) қатысушилары болып табылатындар; облыстық немесе республикалық деңгейде жұмыс тәжірибесі пысықталған тұлғалар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарына педагогикалық қызметке ауысқан және бейіні бойынша кемінде 5 жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар.

2) бірінші біліктілік санатқа:

педагогикалық шеберлік конкурстарының жеңімпаздары, конференциялардың, семинарлардың (аудандық, қалалық деңгейдегі) қатысуышылары болып табылатындар;

аудандық (қалалық) деңгейде тәжірибесі пысықталған адамдар;

өндірістен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарына педагогикалық қызметке ауысқан және бейіні бойынша кемінде 3 жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар;

3) екінші біліктілік санатқа:

кәсіптік жоғары оқу орнын "үздік" бітірген, бір жылдан кем емес педагогикалық өтілі бар тұлғалар;

кәсіптік орта оқу орнын "үздік" бітірген, бір жылдан кем емес педагогикалық өтілі бар тұлғалар;

пән бойынша тиісті білімі жоқ, бірақ шығармашылық есеп немесе оқу-әдістемелік әзірлемені қорғаған және республикалық, облыстық (қалалық) біліктілікті арттыру институттарында біліктілік арттыру курсарынан өткен тұлғалар;

өндірістен орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарына педагогикалық қызметке ауысқан және бейіні бойынша кемінде 2 жыл өндірістік жұмыс өтілі бар тұлғалар аттестаттаудан өтуі мүмкін. Егер педагог қызметкерге өтініш білдірген біліктілік санаты берілмесе, оның бұрынғы санаты қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

41. Педагог қызметкерлер біліктілік санаттарының қолданылу мерзімі откеннен кейін, олардың өтініші негізінде бір жылдан артық емес мерзімге мынадай жағдайларда ұзартылады:

- 1) уақытша еңбекке жарамсыздығы;
- 2) жүктілік және бала туу, баланы күту бойынша демалыста болуы;
- 3) іссапарда, мамандығы бойынша шетелде жұмыста болуы;
- 4) тоқтатқан себептеріне қарамастан, біліктілік санаты берілген лауазымдағы қызметіне қайта келуі.

Педагог қызметкердің біліктілік санатының қолдану мерзімі аяқталған жағдайда, зейнеткерлік жасқа дейін 4 жылдан аз болса, оның біліктілік санаты зейнеткерлік жасқа жеткенше сақталады, егер педагог қызметкер педагогикалық қызметін зейнеткерлік жасқа толған мерзімнен бастап тоқтатқан жағдайда ол туралы аттестаттау комиссиясына хабарлайды.

42. Аттестаттау барысында өзінде бар біліктілік санатын растамаған қызметкерге уақыты өтіп кеткен жағдайда тиісті аттестаттау комиссиясының шешімімен біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі.

43. Аттестаттау комиссиясының шешіміне келіспеген жағдайда аттестатталушы сот тәртібі арқылы шағымдануға құқылы.

#### **4. Аттестаттаудың қорытынды рәсімдері**

44. Білім беру үйімінде басшысы аттестаттау комиссиясы шешімінің негізінде бір ай мерзімде педагог қызметкерлерге тиісті біліктілік санаттарын беру туралы бұйрық шығарады.

45. Аттестаттау аяқталғаннан кейін біліктілік санатын беру туралы (осы Ережеге N 7-қосымша )/біліктіліктің белгіленген деңгейінің талаптарына сәйкестігі туралы (осы Ережеге N 8-қосымша ) күәлік беріледі. Куәлік Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында бес жыл бойы өз күшінде болады.

Бірінші және жоғары біліктілік санатының күәліктеріне білім беруді басқару органдары басшысының, екінші біліктілік санатының күәліктеріне білім беру үйімі басшысының қолы қойылыш, мөрмен расталады.

Күәліктерді беру журналда (осы Ережеге N 9-қосымша ) тіркеледі.

Педагог қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне  
1-қосымша  
Үлгі

---

— (аттестаттау комиссиясының атавы)

---

— (Педагог қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты)

---

— (лауазымы, жұмыс орны)

---

#### **ӘТІНШІ**

Мені 200\_ жылы аттестаттауыңызды \_\_\_\_\_  
лауазым бойынша біліктілік санаты \_\_\_\_\_

---

## Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстым

---

(біліктілік санатының болуы, мерзімі)

Өтініште көрсетілген біліктілік санатына аттестаттау үшін мынадай жұмыс нәтижелерін негіздеме ретінде санаймын:

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі \_\_\_\_\_

---

(қандай білім беру үйымын бітірді, бітірген жылы, мамандығы, қандай біліктілік алды)

---

Мамандығы бойынша жұмыс өтілі \_\_\_\_\_

---

Осы лауазымдағы жұмыс өтілі \_\_\_\_\_

---

Осы білім беру үйымындағы жұмыс өтілі \_\_\_\_\_

---

Наградалары, атағы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы \_\_\_\_\_

---

200\_ж. "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

---

(Қолы)

Педагог қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне  
2-қосымша  
Үлгі

Аттестаттау комиссиясының төрағасына \_\_\_\_\_

---

(сөйкес келетін білім департаментінің атауы)

(мамандығы көрсетілген педагог қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты)

## **ӘТІНШ**

Мені мына мамандық бойынша біліктілік тестілеуге жіберуінізді сұраймын\_\_

Мамандығы бойынша еңбек өтілі \_\_

Жалпы еңбек өтілі \_\_

Біліктілік санаты \_\_

(қолы)

(толтырылған күні)

Педагог қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне  
3-қосымша  
Үлгі

ауданы (қаласы)

N \_\_\_\_\_ мектебінің педагог қызметкерлерін  
біліктілік тестілеу нәтижесінің 200\_\_ жылғы "—" \_\_\_\_\_

N хаттамасы

N	Тегі, аты, әкесінің аты мамандығы	Тестілеудің нәтижелері					Ұсынылды
		КР заң- намала- рын білу	педагоги- ка және психоло- гияны білу	білім беру бағдарла- малары мен пәндік салалардың мазмұнын білу	Оқытудың әдісте мелері мен тех- нология- ларын білу		

Қолдар

Аттесттаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

Ұлттық бірыңғай тестілеу пунктінің директоры \_\_\_\_\_

Мөрдің орны

Елді мекен \_\_\_\_\_

Берілген күні "\_\_\_" 200\_\_\_ жыл

Педагог қызметкерлерді

аттесттаттау ережесіне

4-қосымша

Үлгі

## **Біліктілік тестілеуден өту туралы**

### **СЕРТИФИКАТ**

Аталған сертификат

\_\_\_\_\_

(Тегі, аты, әкесінің аты)

мамандығы бойынша  
берілді

Тестілеудің мынадай нәтижелерін көрсетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуі \_\_\_\_\_ %.

- педагогика және психологияны білуі \_\_\_\_\_ %

- оқу бағдарламалары мен пән салаларының мазмұны \_\_\_\_\_ %

- оқытудың әдістері мен технологияларын білуі \_\_\_\_\_ %

Сертификат 200\_\_\_ "\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейін жарамды

Қолдар

Аттесттаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Хатшы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Мөрдің орны

Елді мекен \_\_\_\_\_

Берілген күні "\_\_\_" 200\_\_\_ жыл

Педагог қызметкерлерді

аттесттаттау ережесіне

## Біліктілік тестілеуден өтуі жөніндегі сертификаттарды беру туралы

сертификаттың N	Тегі, аты, әкесінің аты	Аудан (қала) мектеп	мамандығы

кестенің жалғасы

Тестілеудің нәтижелері				Тесті- леуді өткізу күні	Серти- фикат- тың берілген күні	Серти- фикатты алған- дығын растай- тын қолы
КР зан- намала- рын білуі	педаго- гика және психоло- гияны білуі	білім беру бағдарла- малары және пәндік салалары- ның мазмұны	Оқыту әдістеме- лери мен техноло- гиясы			

Аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Хатшысы \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

Мөрдің орны

Педагог қызметкерлерді  
аттестаттау ережесіне  
6-қосымша  
Үлгі

— (министрліктің немесе ведомствоның атапу)

— (білім беру үйіміның атапу)

**АТТЕСТАТТАУ ПАРАФЫ**

(Тегі, аты, әкесінің аты - санаты көрсетілген лауазымы)

Туған күні мен жылы \_\_\_\_\_ үлтты \_\_\_\_\_  
Педагогикалық өтілі \_\_\_\_\_  
Атқарып отырған лауазымы бойынша еңбек өтілі \_\_\_\_\_  
Аталған білім беру үйімінде жұмыс өтілі \_\_\_\_\_

(Қандай оқу орнын бітірді және қашан, алған мамандығы және  
біліктілігі) \_\_\_\_\_

Біліктілігін арттыруы туралы мәлімет \_\_\_\_\_  
Мерзімі, атауы, өту орны  
куәліктің N \_\_\_\_\_  
Біліктілік тестілеуден өткендігі туралы мәлімет  
Тестілеуден өткен мерзімі \_\_\_\_\_  
Тестілеуден өткен орны \_\_\_\_\_

Сертификаттың N \_\_\_\_\_

Тестілеудің нәтижелері:

- Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуі \_\_\_\_\_ %.
  - педагогика мен психологияны білуі \_\_\_\_\_ %
  - білім беру бағдарламалары мен  
пәндік салаларын білуі \_\_\_\_\_ %
  - оқытудың әдісі мен технологияларын білуі \_\_\_\_\_ %
- Наградалары, атағы, ғылыми атағы мен дәрежесі \_\_\_\_\_

Жұмысы туралы пікір \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Білім беру үйымының атtestаттау комиссиясының тұжырымы \_\_\_\_\_

—  
\_\_\_\_\_

—  
Білім беру үйымының басшысы \_\_\_\_\_

—  
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Комиссия мүшелері \_\_\_\_\_

—  
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)  
Жұмыс туралы пікірмен және тұжырымдамамен таныстым

—  
(атtestатталушының қолы)

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ ".

Атtestаттау комиссиясының шешімі

200 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ ".

Атtestаттау комиссиясының төрағасы

—  
(тегі, аты, әкесінің аты)

Атtestаттау комиссиясы төрағасының орынбасары

—  
(тегі, аты, әкесінің аты)

Хатшы \_\_\_\_\_

—  
(тегі, аты, әкесінің аты)

Комиссия мүшелері

—  
(тегі, аты, әкесінің аты)

(тегі, аты, әкесінің аты)

Педагог қызметкерлерді

атtestаттау ережесіне

7-қосымша

Үлгі

**Біліктілік санатын беру туралы**  
**КУӘЛПК**

Осы куәлік атtestаттау комиссиясының "\_\_\_" шешіміне сәйкес

---

(тегі, аты, әкесінің аты)

---

(білім беру үйіміның толық атауы)

200 ж "\_\_\_" N \_\_\_ бұйрығымен

---

лауазымның атауы мен санаты жазбаша

---

оған біліктілік санаты берілді

Атtestаттау комиссиясының тәрағасы \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Атtestаттау комиссиясының хатшысы \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Мөрдің орны

Тіркеу номірі \_\_\_\_\_ 200 ж "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(Берілген күні)

Педагог қызметкерлерді

атtestаттау ережесіне

8-қосымша

Үлгі

**Белгіленген біліктілік санатының талаптарына**

**сәйкестігі туралы**

**КУӘЛПК**

Осы куәлік аttestаттау комиссиясының "\_\_\_" шешіміне сәйкес

---

(тегі, аты, әкесінің аты)

---

(білім беру үйіміның толық атауы)

200 ж "\_\_\_" N \_\_\_ бұйрығымен

---

---

(лауазымның атавы мен санаты жазбаша)

белгіленген біліктілік санатының талаптарына сәйкестігі туралы берілді  
Аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Аттестаттау комиссиясының хатшысы \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Мөрдің орны

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ 200 ж "\_\_\_"

(Берілген күні)

Педагог қызметкерлерді

аттестаттау ережесіне

9-қосымша

Үлгі

**Қызметкерлерге біліктілік санаты берілгені  
туралы/белгіленген біліктілік санатының талаптарына  
сәйкестігі туралы күеліктерді тіркеу журналы \_\_\_\_\_**

**(білім беру үйімінің атавы)**

---

N p/c	тегі, аты, әкесінің атавы	Лауазымы мен берілген білікті- лік сана- тының атауы	Аттес- таттау комис- сиясы шеші- мінің күні	Білікті- лік сана- ты беріл- гені ту- ралы бұй- рықтың нөмірі мен күні	Күеліктің берілген күні	Күелік алушының қолы